

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 26 (937) 9 маусым 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru

## РӘМІЗДІ ҚАСТЕРЛЕУ – ЕЛДІ ҚҰРМЕТТЕУ

Қазақстан – өз тарихы, мемлекеттік тілі, астанасы, Ата Заңмен бекітілген рәміздері бар мемлекет. Мемлекеттік рәміздер – ел Тәуелсіздігінің, халық пен билік бірлігінің дәлелі. Әрбір азамат өз елінің патриоты бола отырып, мемлекеттік рәміздерді білуге және құрметтеуге міндетті. Мемлекеттік атрибуттардың мазмұнын терең білу және түсіну – елдіктің маңызды элементтеріне деген қызығушылықты, құрмет пен мақтаншты арттырады.

Азаматтарды, әсіресе өскелең ұрпақты патриоттық сезімде тәрбиелеу үшін мемлекеттік рәміздер ерекше маңызға ие. Сондықтан оларды көп пайдалануға көңіл бөлінеді. Осы саладағы заңнамалық реттеу “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы” Конституциялық заңның негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік рәміздерді пайдалануға қойылатын негізгі талаптар “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар”, “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы. Жалпы техникалық шарттар” құжаттарында бекітілген. Еліміздің әрбір азаматы мемлекеттік рәміздерді құрметтеуі керек, ал мемлекеттік органдар ұлттық стандарттар талаптарын және мемлекеттік рәміздерді қолдану мен орналастыру жөніндегі талаптарды сақтауға міндетті. Ұлттық стандарттар талаптарын, сондай-ақ мемлекеттік рәміздерді қолдану мен орналастыру қағидаларын бұзғандар еліміздің “Әкімшілік құқық бұзушылық туралы” кодексында көзделген әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібі стандарт талаптарына сай болуы тиіс. Елтаңбаны дайындаудың технологиялық әдісінде түстер мен элементтердің сызықтық өлшемдерінің арақатынасы пропорционалды болуымен қатар, ол сапалы материалдардан жасалуы керек. Элементтердің тұтастығы мен симметриясының бұзылуына, дақтарға жол берілмейді. Тудың ені мен ұзындығы 1:2 мөлшерінде болуы керек. Ту сапалы материалдан жасалып, оның суға, күннің көзіне, желге төзімділігі жоғары болғаны жөн. Егер рәміздердің жасалуы ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, “Әкімшілік құқық бұзушылық туралы” кодекстің 418-бабына сәйкес жеке тұлғаларға – жиырма бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туын, Елтаңбасын пайдалану және Әнұранын орындау кезінде белгіленген тәртіп бұзылса, тиісті заңнаманың 458-бабы негізінде жауапқа тартылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туын, Елтаңбасын және олардың бейнелерін, ел заңнамасының талаптарын бұза отырып пайдаланса, 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Мемлекеттік рәміздерді пайдалану міндетті болып табылатын жағдайларда бұл талап ескерілмесе, лауазымды адам 50 АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді.

Екатерина ПАРШИНА,

Техникалық реттеу және метрология комитетінің облыстық департаментінің бас маманы.

\*\*\*\*\*

## АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ОТЫРЫСЫ

Тайынша ауданының әкімі Б.А. Әлжанов аудан әкімдігінің отырысын өткізіп, онда келесі мәселелер қаралды: 1. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың жүргізген жұмысы туралы;

2. Өрт қаупі маусымына дайындық және су айдындарында халықтың қауіпсіздігі бойынша жүргізілетін жұмыстар туралы;

3. 2022-2023 жылдардағы жылыту маусымы жұмысының қорытындылары және Тайынша ауданының тұрғын үй нысандары мен әлеуметтік сала мекемелерін 2023-2024 жылдардағы жылыту маусымына дайындау туралы.

Жоғарыда аталған күн тәртібіндегі қарастырылған мәселелер бойынша тиісті тапсырмалар берілді. Білім бөлімі ауданның «Эдельвейс-Бурбай» балаларды сауықтыру орталығының дайындығын бақылауға алып, оның жазғы маусымның ашылуына дайындығын қамтамасыз етуі, жазғы мектеп демалысы кезінде балалардың қауіпсіздігі бойынша ата-аналарға егжей-тегжейлі нұсқамалар ұйымдастыруы және өткізуі қажет екендігі айтылды. Барлық мүдделі орган, шаруашылық жүргізуші субъектілерінің су айдындарында өрттің алдын алу жөніндегі жұмысты жалғастыруы бойынша тапсырмалар жүктелді. 2023-2024 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында қазандықтардың істен шығуын болдырмау мақсатында бірқатар тапсырмалар беріліп, әлеуметтік сала объектілері бақылауға алынды.



Мадина АБДИКАРИМОВА, тілші.

\*\*\*\*\*

## КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА

Жазғы уақыт кезеңінде Тайынша ауданының автожолдарында автокөлік құралдары мен мотоциклдердің қозғалу белсенділігі байқалады, өзінің жақындарының өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ету үшін Тайынша ауданының полиция бөлімінің басшылығы жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерден жолдарда мұқият болуды, Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерін, әсіресе жылдамдық режимін қатаң сәйкестікте, жол қозғалысының барлық қатысушыларына құрметпен қарауды ескертеді. Ата-аналар өз балаларына мотоциклдің әртүрлі түрлерінде бақылаусыз жүруге мүмкіндік береді, олардың жолаушылары да балалар болып табылады. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарда мотоблоктарды пайдалануға тыйым салынғанын хабарлаймыз, осы фактілер анықталған кезде шаралар қабылданатын болады.

Тайынша ауданының полиция бөлімі.

## ӘСЕМ РАХМЕТОВА — СЕНАТ ДЕПУТАТЫ

Петропавлда облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттар депутаттарының бірлескен отырысы өтіп, Парламент Сенатының депутаты сайланды.

Саяси шараны облыстық мәслихаттың төрағасы Владимир Бубенко ашып, отырысқа қалалық, аудандық, облыстық деңгейдегі 193 депутаттың –180-і, сондай-ақ кандидаттардың сенімді өкілдері, байқаушылар, БАҚ өкілдері қатысып отырғанын жеткізді. Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Асқар Сақыпкереев заңға сәйкес, Парламент Сенатының депутаты барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары – таңдаушылардың бірлескен отырысында сайланатынын түсіндірді. Оның айтуынша, өңірден Сенат депутаттығына 7 кандидат ұсынылған. Барлығы да Конституция мен сайлау туралы заң талаптарына сай тексеріліп, екі кандидат қажетті құжаттарды толық көлемде тапсырмауына байланысты тіркеуден өтпеген. Бір үміткер өз еркімен кандидаттықтан бас тартқан. Қорытындысында төрт үміткер – Рауза Қасенова, Сергей Мелехов, Әсем Рахметова, Анатолий Рафальский кандидат ретінде тіркелген. Алайда С.Мелехов пен А.Рафальскийдің кандидаттықтан өз еркімен бас тартуына байланысты Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және “Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы” Заңға сәйкес оларды тіркеу туралы шешімнің күші жойылды. Дауыс берудің қорытындысы бойынша Рауза Қасенова үшін 39 таңдаушы, Әсем Рахметованы қолдап, 134 таңдаушы дауыс берді. Осылайша Әсем Қалашбайқызы Рахметова Парламент Сенатының депутаттығына сайланды. Ол – 1980 жылы туған, “AMANAT” партиясының мүшесі. Жаңа сайланған сенатор өзіне үлкен қолдау көрсетіп, зор сенім білдірген жерлестеріне ризашылық лебізін айтып, барлық күш-жігерін ел экономикасының дамуына, халықтың өмір сапасын жақсартуға жұмсайтынын жеткізді.



Өмір ЕСҚАЛИ, “Soltüstik Qazaqstan”.

## ТАЙЫНША АУДАНЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Бұл мереке ұлттық бірлікті нығайтуға, өскелең ұрпақтың бойында патриотизм сезімін тәрбиелеуге ықпал етеді.

Мемлекеттік рәміздер - кез келген елдің міндетті атрибуттарының бірі. Олар оның тарихы мен қазіргі құндылықтарын бейнелейді, болашақ жоспарларын көрсетеді.

Мемлекеттік рәміздер саяси мағынада егемендік ұғымымен тығыз байланысты. Олар құндылықтарды, принциптер мен басымдықтарды, елдің тарихи тағдырын өз бойына сіңіреді және мемлекетті халықаралық аренада ерекшелендіріп тұратын нышан болып табылады.

Рәміздерге құрметпен қарау, сәйкесінше

қазақстандық патриотизмді қалыптастыру - әркімнің азаматтық борышы және мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты.

Осы ретте айтулы шараға аудан әкімі Берік Ақылжанұлы қатысып, Тайынша ауданының тұрғындарын мерекемен құттықтады. Іс-шараға қатысушыларды AMANAT партиясы аудандық филиалының төрағасы Мереке Хамзин, «Қазақ тілі» этно-мәдени бірлестігінің төрағасы Тойлыбай Хажмұрат, биатлоннан спорт шебері Артур Сапаев құттықтады. Жиынның ресми бөлімі флэшмоб пен патриоттық әндер шырқалған концерттік бағдарламаға ұласты.

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты

## БАР ЖАҚСЫЛЫҚ БАЛАЛАРҒА

Жайма-шуақ жаз мезгілінің алғашқы күні оқушылардың жүздеріне күлкі сыйлайды. Мұның басты себебі – ұзақ оқу жылынан кейін өз бастауын алатын жазғы демалыстың басталуы.

Маусымның 1 жұлдызында дүние жүзі Халықаралық балаларды қорғау күнін атап өтетіні белгілі. Осылайша Тайынша қаласының «Достық» орталық алаңында мерекелік іс-шара өтті. Орталық

алаңда сауда ұйымдастырылып, балалар батутта секірді. Іс-шара барысында жас көрермендердің назарына аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері балаларға арнайы ойындар ұйымдастырып, мерекелік концерттік бағдарлама ұсынды. Сондай-ақ көңілді спорттық іс-шаралар да өткізілді. Өз кезегінде аудандық кітапхананың қызметкерлері «Мен әлемді бейнелеймін» атты суреттер байқауын өткізді. Байқау қорытындысы бойынша марапаттау рәсімі өтті.





# ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАДЫ...

Осы жылдың 1 шілдесінен бастап Әлеуметтік кодекс күшіне енеді, онда зейнетақы жүйесіне қатысты бірқатар өзгертулер қарастырылған.

Салымшылардың инвестициялық мүмкіндіктері кеңейеді

Міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына беру кезінде зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі бұдан былай ескерілмейді. Әлеуметтік кодекс күшіне енген кезден бастап салымшы аталған зейнетақы жинақтарының 50% дейін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беруге құқылы.

Сондай-ақ, ерікті зейнетақы жинақтары бар салымшылар аталған зейнетақы жинақтарының 100% дейін ИПБ-ға бере алады.

Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтару мерзімі 1 жылға қысқарады. Қазір бұл мерзім 2 жылға тең.

## Зейнетақы жинақтарын тұрғын үй және емделуге пайдалану

Зейнетке еңбек сіңірген жылдары бойынша шыққан зейнеткерлер міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының 100% дейін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге пайдалана алады. Зейнеткерлердің мұндай санатына әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдшерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ, арнаулы қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдшерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай үзіліссіз еңбек сіңірген жылдары болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу абақтылары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырып жатқанда кіреді. Қалған зейнеткерлер, егер олардың зейнетақы төлемдерінің мөлшері 40%-дан төмен емес деңгейдегі табыты алмастыру коэффициентін қамтамасыз етсе, жоғарыда аталған мақсаттарға міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған өздерінің зейнетақы жинақтарының 50%-на дейін пайдалану құқығын сақтайды.

## Жерлеуге арналған төлем ұлғаяды

БЖЗҚ-да, ЕЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда жерлеуге арналған біржолғы төлем сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген АЕК-тің 52,4 еселенген мөлшерінен 94 еселенген АЕК-ке дейін, бірақ қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан аспайтын мөлшерге ұлғаяды. Ол қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне төленеді.

## Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап БЖЗҚ-ның міндеттеріне қосымша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ) тарту жүктелді.

ЖМЗЖ тек 1975 жылғы 1 қаңтардан кейін туған жұмыскерлер үшін жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады және жұмыскердің ай сайынғы табысынан: 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 1,5% мөлшерінде келініп, 2028 жылы 5%-ға жеткенге дейін жыл сайын 1%-ға ұлғайып отырады. ЖМЗЖ-ны осылай кезең-кезеңмен енгізу жұмыс берушіге түсетін жүктемені жеңілдетуге мүмкіндік береді.

## Зейнетақы жарналары барлығы үшін міндетті

Салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғалармен нысанасы жұмыстарды орындау (қызмет көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін жеке тұлғалар қазіргі уақытта БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеуге құқылы. 2023 жылғы 1 шілдеден бастап тұлғалардың осы санаты БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеуге міндетті болады. Осылайша болашақта лайықты төлемдермен қамтамасыз ету үшін халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамту шегі кеңейе түсуде.



## БЖЗҚ комиссиялық сыйақысының төмендеуі

БЖЗҚ комиссиялық сыйақысының шамасы зейнетақы активтерінің 0,01 пайызынан айына 0,008 пайызға дейін азаяды. Бірақ республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын 0,04 еселенген айлық есептік көрсеткіштің туындысы ретінде айқындалатын шамадан және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында тиісті күнтізбелік айдың 1-күніндегі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары есепке алынатын зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алысушылардың) жеке зейнетақы шоттарының санынан аспауы тиіс.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алысушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында). Жеке деректердің жоғары деңгейде қорғалуы – БЖЗҚ салымшыларының сенімділігі. БЖЗҚ зейнетақы жинақтарының қауіпсіздігі мен құпиялығын қамтамасыз етуге ерекше назар аударып, деректер қауіпсіздігінің жоғары стандарттарын ұстанады.

2022-2023 жылдардағы киберқауіпсіздікті күшейту шеңберінде ақпараттық ресурстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бірқатар ақпараттық жүйелер енгізілді. Бұл инновациялар кибершабуылдарға тойтарыс бере алатын және веб-серверлерді, байланыс арналарын және ақпараттық ресурстарды DDoS шабуылдарынан қорғау жүйесінен, жұмыс станциялары мен құрылғылардағы зиянды әрекеттерді анықтау және зерттеу жүйесінен және қауіптерді анықтау және талдау үшін ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын басқару жүйесінен тұрады. Сондай-ақ, Қордың ақпараттық жүйелері мен сервистерін қорғаудың тиімділігін едәуір арттыратын екі факторлы түпнұсқаландыру жүйесі енгізілді.

БЖЗҚ нәтижелердің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз ететін, салымшыларға олардың құпия деректерінің толық қорғалуына кепілдік беретін және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы нормативтік талаптарды қатаң сақтайтын халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелерінің халықаралық аудитінен жүйелі түрде өтіп отырады.

Қор жаңа бағдарламалық өнімдер мен қызметтерді белсенді түрде енгізіп, бизнес-процестерін ақпараттандырып, деректерді қорғау құралдарын үнемі жетілдіріп отырады. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кешенді тәсілі заманауи технологияларды қолдану, Қор қызметкерлерінен Ақпараттық қауіпсіздік ережелерін сақтауды талап ету, ақпараттық ағындарға тұрақты түрде мониторинг жасау және вирусқа қарсы қорғау құралдарын пайдалану, пошта және желіге қолжетімділікті сүзгіден өткізу, сондай-ақ, көп факторлы авторлануды қамтиды.

БЖЗҚ қол жеткізілген жетістіктермен тоқтамайды. Ол ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында өз мүмкіндіктерін белсенді дамытуға ниетті. Жоспарларға ақпараттық қауіпсіздікті басқару жөніндегі өзінің операциялық орталығын (SOC) құру кіреді. Бұл одан әрі нақты уақыт режимінде орталықтандырылған бақылауға, талдауға және оқиғаларға жедел жауап беруге мүмкіндік береді.

Қор салымшылардың мүдделерін тиімді қорғау бағытында «БЖЗҚ»АҚ ақпараттық жүйелері мен сервистерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін киберқауіпсіздік саласындағы соңғы үрдістер мен жаңалықтарды бақылауын жалғастыруда.

# ПАЙҒАМБАРДЫҢ ШАШЫ

Облыс орталығындағы Ислам мәдениеті музейіне Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с.) шашы әкелінді. Арнайы құтыға салынған жәдігер Тайынша қаласына да жетті. Тайынша аудандық мешітінде құтыға салынған Пайғамбардың/с.ғ.с./ шашын көруге келгендердің қарасы қалың болды. Пайғамбарымыздың шашы қазіргі таңда “Қазақстан қажылар қауымдастығы” Түркістан облыстық филиалының төрағасы Қалиолла Маджановтың қолында. Өзбекстандық ғалымдар сыйлаған асыл тұлғаның шашын ол көзінің қарашығындай сақтап келеді. Арнайы құжаты да бар. Біздің өңірімізге тасаттық беру рәсімі үшін арнайы жеткізілген. Сол күні дін өкілдері Алладан жаңбыр сұрап, дұға жасады.

– Адамзаттың асылы саналған Пайғамбарымыздың шашы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, бүгінге дейін сақталып отыр. Бұл тек бір кісінің үйінде тұрмауы керек.

Әр өңірдің тұрғындары көріп, салауат айтса сауабы мың еселенеді, – дейді Қалиолла Маджанов.

Құнды жәдігерді көру үшін Тайынша аудандық мешітіне жас балалардан бастап, қариялар қауымы, жастар жиналды, Алладан тілек тіледі. Барша халықтың тілегі еліміздің бейбіт өмірі мен халықтың жағдайының жақсы болуы, жауын – шашынның қажетті деңгейде болып, диқаншылардың екен егінінен мол өнім алу, әр отбасында бақыт пен берекенің болуы. Сол күні тасаттық намазы оқылып, Жаратушыдан жаңбыр тіледік. Пайғамбарымыздың жүрген жері берекелі болған ғой. Оның шашын алдыртудың бірден бір себебі – диқандардың жұмсаған қажырлы еңбегінен табыс тілеу болса керек. Алланың тілегімізді қабыл алсын. Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын, ағайын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

# «ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА!»

«Дипломмен – ауылға!» жобасы. - ауылдық жерлерге келген мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын алуға жақсы мүмкіндік.

Мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау мынадай нысанда жүзеге асырылады: 100 АЕК мөлшерінде бір жолғы көшерақы жәрдемі (2023 жылы 345 000 теңге); тұрғын үй сатып алуға немесе салуға 15 жылға дейінгі мерзімге тұрғын үй сатып алуға немесе салуға 0,01% жылдық сыйақы мөлшерлемесімен 1500 АЕК (2023 жылы 5 175 000 теңге) көлемінде несие беру. Несие маман жұмыс істейтін елді мекенде тұрғын үй сатып алуға немесе салуға беріледі. Негізгі шарт – бағдарламаға қатысушы өз мамандығы бойынша ауылдық жерде 3 жыл жұмыс істеуі керек. Еңбек қатынастары үш жылдан ерте тоқтатылған жағдайда бюджет қаражаты толық көлемде бюджетке қайтарылады. Тайынша ауданында 2022 жылға арналған «Дипломмен ауылға!» жобасы бойынша тұрғын үй сатып алуға 64,3 миллион теңгеге 15 бюджеттік несие берілді. теңге, оның ішінде: 12 білім беру маманы 52,0 млн.теңге, денсаулық сақтау саласының 2 маманы 7,7 млн.теңге, 1 ветеринария маманы 4,5 млн. теңге. 2022 жылы жалпы сомасы 23,3 млн.теңгеге (әр маманға 100 АЕК мөлшерінде) 76 көшерақы жәрдемақы тағайындалды, оның ішінде: 68 білім беру маманына, 3 денсаулық сақтау маманына, 4 ауыл шаруашылығы маманына, 1 мемлекеттік қызметшіге.

Тұрғын үй сатып алуға/құрылысқа бюджеттік кредиттер бойынша 2023 жылғы қоспа 13 маманға 67,3 млн.теңгені құрайды.

Көшерақы жәрдемі жоспары 50 маманға 17,3 млн теңгені (әрқайсысына 100 АЕК көлемінде) құрайды. Ағымдағы жылдың 1- маусымындағы жағдай бойынша 29 көшерақы жәрдемі берілді.

Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №93 бұйрығына сәйкес «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ «Отбасы банкі» «Дипломмен – ауылға!» жобасы бойынша сенім білдірілген өкіл (агент) ретінде анықталды. Сондықтан, «Дипломмен – ауылға!» атты бағдарламасының қатысушылары бұрын бюджеттік кредиттер алған ағымдағы және депозиттік шоттарды қолданыстағы кестеге сәйкес кредит бойынша төлемді уақтылы өтеуді жалғастыру және кешіктіруді болдырмау үшін ашу қажет.

Қазақстандықтардың жаңа өтінімдері otbasybank.kz жылжымайтын мүлік порталында онлайн қабылданатын болады. «Дипломмен ауылға!» бағдарламасына қатысуға өтініш беру үшін otbasybank.kz порталында тіркеліп, ЭСҚ арқылы өтінішке қол қою қажет. Бағдарламаға кез келген жастағы Қазақстан азаматтары қатыса алады. Ең бастысы, олардың қолында дипломы болу, бірқатар мамандықтар бойынша ауылда еңбек ету. Бұл денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен мамандары, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметшілері (әкімдер мен әкім орынбасарларын қоспағанда).

Жәрдемақы алуға және бюджеттік несие алуға бір мезгілде өтініш беруге болады. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша өтініштер қабылдау. «Отбасы Банкі» порталы арқылы қосымша хабарлаймыз.

Анықтама алу үшін «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Центральный бұрылысы, 2 үй мекенжайы бойынша немесе 8(71536)21643 телефоны арқылы хабарласуға болады.

## 2023 жылдың 1 мамырындағы БЖЗҚ негізгі көрсеткіштері

МЗЖ 15 184 млрд тг

МКЗЖ 487,84 млрд тг

ЕЗЖ 4,12 млрд тг

15 677,57 млрд тг салымшылардың шоттарындағы зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы

12 162 мың бірлікті құрады жеке зейнетақы шоттарының саны

134,7 млрд тг құрады жыл басынан бергі зейнетақы төлемдері





## ПЕТРОПАВЛДА ВЕТИНСПЕКТОРҒА 5 МЛН 200 МЫҢ ТЕҢГЕ АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Петропавл қалалық аумақтық инспекциясының бас маманы Жанарбек Бусурмановқа қатысты қылмыстық іс бойынша мән-жайлар, бұрынғы мемлекеттік қызметші жұмыс істеген ұжымда қаралды.

Іс-шараға ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Айдос Жүнісов қатысты.

Петропавл қалалық сотының үкімімен бас маман – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор пара алғаны үшін сотталды және оған параның отыз бес еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл түрінде жаза тағайындалды, бұл 5 млн 200 мың теңгені құрайды.

Айдос Жүнісов 2023 жылдың ақпан-наурыз айлары аралығында Бусурманов қызметтік жағдайын жүйелі негізде пайдалана отырып, тиісті ілеспе ветеринариялық құжаттарсыз «Привокзальный» және «Дария» қалалық базарларында ет өнімдерін көтерме сатып алуды және бөлшектеп сатуды жүзеге асыратын кәсіпкерлерден пара алғанын хабарлады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомство сотталушының мұндай әрекеті аумақтық инспекцияның жауапты тұлғалары тарапынан тиісті бақылаудың болмауы салдарынан мүмкін болғандығы атап өтті.

Бағыныштылардың жемқорлығы үшін бірінші басшылардың жауапкершілігі туралы заңнама нормаларын іске асыру мақсатында Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті төрағасының шешімі бойынша Петропавл қалалық аумақтық инспекциясының басшысы ақпан Құсайынов қатаң сөгіс түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Инспекторлар қатарында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін олардың жұмысында қызметтік аудио және бейне тіркеуді пайдалану көзделген.

Осы талаптың болуына қарамастан, Петропавлдың 7 базарында барлық 5 инспекторды бейнетіркегіштермен жаратқандыру тек ұсыну қаралғандан кейін ғана орын алды.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауға ықпал ететін мән-жайларды жою үшін аумақтық инспекция басшылығына мемлекеттік инспекторлардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі нормаларын сақтауы турғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау шеңберінде жүргізілген бейнежазбаларға мониторинг жүргізу қажет.



## БАҒЗЫДАН ЖЕТКЕН БИЛЕР СОТЫ

Облыс орталығындағы жоғары құрылыс-экономикалық колледжде “Өркениет тоғысындағы Шығыс дипломатиясы: Билер соты. Сот төрелігі. Медиация” тақырыбында конференция өтті. Аталмыш шараны Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы Қаз дауысты Қазыбек бидің 356 жылдығы аясында өткізді.

Мазмұнды шарада Қазыбек би туралы аңызға бергісіз әңгіменің тиегі ағытылды. Халқымыздың тарихында өшпес із қалдырған Қазыбек би туралы нақты деректер бізге беймәлім. Дегенмен ел аузындағы әңгіме, аңыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәміздерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін Қазыбекті Орта жүздің бас биі еткен. Конференцияда осы жөнінде бейнеоблик және екі қойылым көрсетілді. Атақты бидің жас Абылайханды жоңғарлар тұтқынынан босатылуына ықпал еткені белгілі. Оның ел арасында кеңінен тараған: “Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз” деп басталатын сөзі әлі күнге дейін бәріміздің көкейімізде сайрап тұр. Осы сөзі арқылы жаудың шебінде отырып, өзінің дипломатиялық қабілетін ғана емес, батырлығын да танытқан. Шағын қойылым арқылы қазақ елшілігінің құрамында барған бидің қатыгез жоңғар билеушісімен қалай мәмілеге келгені көрсетілді. Сонымен қатар жиналған қауымның назарына Қазыбек бидің “Бала дауын” қалай шешкені туралы қойылым да ұсынылды. Колледж студенттері мен оқытушылар билер соты, сот төрелігі, медиация сынды үш институттың жұмысын саралап, бүгінгі уақытпен салыстырды. Осылайша қазіргі медиация далалық сот төрелігіне ұқсас екендігіне көз жеткізді. Кешегі мен бүгінгі салыстырып, естіген ақпараттарын ой елегінен өткізген жастар билер әділдік құрған заманның оң тұстарына тоқталды. Яғни дауды шешетін адамның сайлануы, тараптарды ымыраға келтіру жолында құқықтары ғана емес, мүдделеріне де басымдық берілуі, шешімге шағымдану кезінде инстанциялардың болмауы, дәстүрлі сот жүйесімен салыстырғанда билер соты мен медиацияның жұмысы жеделдігімен, қабылданған шешімді өз еркімен орындауымен ерекшеленеді. Жас буын жастар арасындағы келіспеушілікті реттеп, татуластыру үшін студенттік медиацияны пайдалануға болатынын құптады. Конференция соңында белсенді қатысушыларға сертификаттар табысталды.

Дана МҰХАМЕТЖАНОВА,  
М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың студенті.

# АЙЫРТАУ — АСЫЛ АЙМАҚ АРҚАДАҒЫ

Қызылжар өңірінің жаунары атанған, туризм саласын дамыту мемлекеттік бағдарламасының әлеуеті жоғары ондығына кірген Имантау-Шалқар курорттық аумағы демалушыларды қарсы алуға әзір. Бауыры жасыл қарағаймен қымталып, айналасы аққайыңдармен көмкерілген айдың көлдер маңында 42 туризм нысаны бар. Танымдық демалысты таңдайтындар тарихи-мәдени және табиғи нысандарды аралай алады.

Имантау-Шалқар аймағы Айыртау ауданында орналасқан. Бұл жердің 60 пайызын орманды алқап алып жатыр. Қарағайлы-қайыңды ну орманы бар, таудың жанындағы Имантау көлінің балыққа толы суы тұщы болса, Шалқар көлі өзінің тұзды, минералды суымен әйгілі. Ғалымдардың айтуынша, Шалқар суының құрамы Қара теңіздікімен парапар. Оңтүстік жағалауы шипалы балшықтан тұрады. Сондықтан бұл көлге демалумен қатар ем алу үшін келетіндер аз емес. Мұнда аңшылық, балық аулау, емдік-сауықтыру туризмі салалары бойынша маманданған демалыс орталықтары шоғырланған. Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, былтыр мұнда 62,5 мың адам демалыпты. Соңғы жылдары саяхатшылар қатары артып келеді. Өйткені Имантау-Шалқардың таңғажайып табиғаты Бұрабай курорттық аймағына ұқсас әрі таза. Туристер маусым-тамыз айларында көбейеді. “Имантау-Шалқар” курорттық аймағына Петропавлдан күнделікті “Петропавл-Имантау” автобусымен жетуге болады, билет құны – 2200 теңге. Көлік таңғы сағат жетіде жолға шығып, Имантау ауылына сағат тоғыздан кете жетеді. Курорттық аймаққа пойызбен бару мүмкіндігі де қарастырылған. “Қарағанды-Қостанай” электр пойызы Саумалкөл станциясына күн сайын қатынайды. Ертесіне осы пойыз Саумалкөл станциясына сағат 8:20-да тоқтайды”, – дейді басқарма жанындағы туризмді дамыту және лицензиялау бөлімінің маманы Қанат Шамсутдинов. Қайталанбас сұлу табиғатымен тамсандыратын жер жәннатына әуе жолы арқылы да баруға болады. “Ақтау-Көкшетау” әуе рейсінің билет бағасы үшуды брондау күніне және ұшақта отыру класына байланысты. Көкшетау қаласына ұшып келу уақыты – сағат 13:00-де. “Шымкент-Көкшетау” әуе рейсі Көкшетау қаласына сағат 19:00-де қонады. “Алматы-Көкшетау” әуе рейсі сағат 11:55-те Көкшетауға ұшып келеді. Сондай-ақ Айыртау ауданына әдетте вокзал маңындағы автотұрақта тұратын рейстік автобустармен немесе таксимен жетуге болады. Мұндай сапардың құны Көкшетау қаласынан 3000 теңге, Петропавлдан 4000 теңгені құрайды. Демалыс аймақтарына жету үшін Саумалкөл ауылының такси қызметтерін пайдалануға болады. Жол жүрудің орташа құны баратын жеріне байланысты шамамен 2500 теңге.

Жезкиік ақын Кәкімбек Салықов: “Айыртау – асыл аймақ Арқадағы, Бал кәусар жан баурайды тау самалы. Қиядан қос өркешті көз шалғанда, Аңсаған ата-анаңдай қарсы алады”, – деп жырлағандай, Айыртау ауданы – экономикасы қарқынды дамып, халқының әлеуметтік деңгейі жақсарған, табиғи сұлулығымен көз тартатын аудандардың бірі. Төрелер тұқымы мекен етіп, өзіне орда еткен киелі жерде талай ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері дүниеге келген. Қазақтың әншілік пен ақындық өнерін құстың қанатындай тең ұстап, атақ пен абыройға ие болған Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Орынбай сынды дара тұлғалар, ғылым мен білімнің, сәулет өнерінің шырағын жағып, өздерін алты алашқа мойындатқан Шоқан Уәлиханов, Шахмет Құсайынов, Шот-Аман Уәлиханов сияқты дүлдүлдер дүниеге келген, Кәкімбек Салықов білім-тәрбие алған, Бәйкен Әшімов еңбек жолын бастаған қасиетті жер. Осындай атақты ұлдардың отаны болған киелі жерде тарихи-мәдени ескерткіштер де аз емес. Бүгінгі күні Сырымбетті Шоқан Уәлиханов мұражайы, Айғаным қонысы, халқымыздың бірлігінің өшпес өнегесіндей болған Қарасай мен Ағынтай батырларға арналған ескерткіштер өткен тарихымыздан сыр шертеді. Ежелгі тарихты ұнататындар неолит дәуіріндегі тайпалардың мәдениетімен таныса алады. “Ботай” археологиялық ескерткіші арқылы ғалымдар адамзаттың жылқыны алғаш рет осы өңірде қолға үйреткенін дәлелдеді. Оны еуропалық ғалымдар да растады. Жалпы археологтардың көп жылдық қажырлы еңбегі ғалымдардың ежелгі әлемнің дамуы туралы түсінігін өзгертті. “Ботай” қонысында барлығы 60 тұрғын үй зерттелді, 200 мыңнан астам археологиялық зат, 10 тоннадан астам жылқы және басқа жануарлардың сүйегі табылды. Саяхатшылар Қарасай мен Ағынтай батырлардың тарихи мемориалдық кешеніне ат басын бұра алады. Мәдениет ауылының маңында орналасқан



ескерткіш биік төбеде тұр. Қос батыр 200-ден астам шайқасқа қатысып, 48 жыл бойы Қазақ хандығын еліміз бен жерімізге көз алартқан басқыншылардан қорғаған екен. Батырларға арналған кесене ерлік, бірлік пен достықтың символына айналды. Шоқының үстіне екі дулыға түрінде қызыл кірпіштен салынған кешен анадайдан менмұндалайды. Қасында мешіт орналасқан. Күмбездердің айналасында ежелгі жауынгерлердің бірнеше бейіті бар. Ал аудан орталығынан 40 километр қашықтықта орналасқан Сырымбет ауылында көрнекті ғалым, саяхатшы, этнограф Шоқан Уәлихановтың музейі орналасқан. Сондай-ақ бұл жерден Шоқанның балалық шағы өткен Айғаным қонысын тамашалауға болады. Айғаным қонысы XIX ғасырдың басында орыс патшасының арнайы қаражат бөлуімен тұрғызылған. Қыстақ табиғаты әсем жерде – таудың жиегінде, үлкен көлдің маңында бой көтерген. “Айғаным Сарғалдаққызы (1783-1853 жж.) – XIX ғасырдағы қазақ әйелдерінен шыққан қоғам қайраткері. Абылай ханның келіні, Уәли ханның кіші әйелі, Шоқан Уәлихановтың әжесі. Өзі араб, парсы, шағатай, орыс тілдерін меңгерген. Бала Шоқанның қалыптасуы мен ой-санасының жетілуіне әжесінің тәрбиесі көп әсер еткен. Қазақтан тұңғыш ғалымның қолжазбалары мен заттары осы Айғаным қонысында сақтаулы, қазір мұнда 8 мыңға жуық жәдігер бар. Олардың қатарынан ханым қолданған ыдыс-аяқтарды, иленген аю терісін, сандықтарды кездестіруге болады”, – дейді Сырымбет тарихи-этнографиялық мұражайының директоры Уәлихан Құлбаев.

Табиғи ескерткіш – 124 жылдық тарихы бар дендробақ та осы Айыртау ауданында орналасқан. Оның негізін Ресейден қоныс аударған полковник Храновский деген кісі қалаған. Дендробақтың аумағы 3 гектарды алып жатыр. Қазір мұнда сирек кездесетін ағаштар мен бұталардың 30-дан астам түрі бар. Балқарағай, шегіршін, май қарағай, барбарис, көгілдір шырша ағаштары сәнділігімен көз тартады. Имантау және Шалқар көлдерінің жағалауында маусымдық үлгідегі көптеген демалыс базасы орналасқан. Қанат Шамсутдиновтің айтуынша, демалыс аймағындағы 42 туризм нысанының жыл сайын материалдық-техникалық базасы жаңартылып, ұсынылатын қызметтер саны кеңейіп келеді. Демалыс аймақтарынан бір күнге бір адамға 2500-10000 теңгеге дейін жатын орын табуға болады. Мәселен, бюджеттік нұсқа – “Тұрпан-1,2” демалыс базалары, ол 2500 теңгеге (бір адамға) көл жағасындағы үйде қону, монша, демалуға арналған орын және спорт алаңын ұсына алады. “Горняк” демалыс аймағында баға 3000 теңгеден басталады. “Қара лагуна” демалыс базасында да 3000 теңгеге демалуға болады. Мұнда сауда орыны, жазғы дәмхана, спорт алаңдары жұмыс істейді.

“Арман” демалыс аймағында баға 5000 теңгеден басталады. Мұнда демалушылар моншаға түсіп, батуттарды, катамарандарды, волейбол алаңын, киіз үйді пайдалана алады. “Изумрудное” демалыс орталығы жанынан ашылған дәмхана мен қонақүй қызметін қолданушылардың қатары қалың. Демалыс аймақтарындағы үйлер газ плитасымен, тоңазытқыштармен, теледидармен, ыдыс-аяқпен жабдықталған. Демалушылар өздері де тамақ әзірлей алады. Балқарағай бөшке-ваннасы, 2 монша, гидроскутерлер бар. Қыста аэрошана, шаңғы, коньки тебуге болады. “Қазығұрт” демалыс аймағы отандық және шетелдік туристерге тоңазытқыштармен, шәйнекермен, электр плиталарымен, микротолқынды пештермен, ас үй жиһазымен жабдықталған заманауи қонақүйлерді ұсынады.

Әйгерім Жаңбырбайқызы Омарова,  
«Айыртау таңы» аудандық газетінің редакторы.



## СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

Адамзат та, табиғат та сусыз өмір сүре алмайтындығы ақиқат, шындық. Адамның денсаулығы, қоршаған ортаның берекесі тікелей таза суға байланысты екендігі тағы бар. Осы ретте ауыз суды үнемді пайдалану – бұл бүкіл әлемге ортақ мәселе екенін айта кеткенді жөн көріп отырмыз.

### Құрметті

#### Тайынша қаласының тұрғындары!

Халықтың ауыз суға деген сұранысы ұлғайған сайын барша адамды сумен қамту жұмысы күрделене түсуде. Оған қоса жаз мезгіліне байланысты аудан тұрғындарының ауыз суға деген қажеттілігі өсіп келеді. Мәселен, судың көп бөлігі бау-бақшаны, ағаштарды суару үшін жұмсалып отыр. Осы ретте тұрғындарға айтарымыз, «су қолжетімді» деп тіршілік көзін қалай болса солай пайдалануға болмайды. Жазғы 2-3 ай уақыт ішінде ауыз суды барынша үнемдеп, түсіністікпен қарайық! Ысырапшылдыққа жол бермейік, құрметті қала тұрғындары! Су бүгінгі таңда ешнәрсемен алмастырылмайтын жалғыз табиғи ресурс екенін есте ұстайық, достар!

 Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

## Қазақстанда дәрі-дәрмекті қадағалау жүйесі сынақтан өткізілуде

Таңбаланған дәрілік заттарды тәжірибелік режимде қабылдауды, жөнелтуді және айналымнан алуды Қазақстандағы дәрілік заттардың бірыңғай дистрибьюторы «СК-Фармация» компаниясымен бірлесіп тауарларды таңбалау және қадағалау жөніндегі бірыңғай оператор жүзеге асыруда. Дәрілік заттарды қадағалау жүйесіндегі жұмысы бойынша тәжірибелер Алматы және Алматы облысында өткізілді.

Бүгінгі таңда дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді цифрландырудың басты мәселесі медициналық ұйымдарда дәрілік заттардың теңгерімдері мен қадағалануы туралы нақты ақпараттың жоқтығы болып табылады. Медициналық ұйымдар ақпараттың өзектілігі мен сапасын қамтамасыз ете алмайтын ағымдағы дәрілік тұтынуды қолмен енгізу арқылы баланстық есептерді құрастырады. Бұл мәселені шешу үшін өткен жылдың шілде айынан бастап дәрілік заттардың цифрлық таңбалануы және қадағалануы енгізіле бастады.

Сандық таңбалаудың мақсаты – цифрлық бақылау технологиялары арқылы көлеңкелі фармацевтикалық нарықты жою. Бұл бүкіл әлемде сауданың ашықтығын қамтамасыз ету үшін қолданылатын Track&Trace жүйелерінің бір түрі. Дәрілік заттарды таңбалауды дәрілік заттардың қаптамасының әрбір бірлігі үшін өндіруші/импортерге жүргізеді. Осы жүйенің арқасында ешбір өнім сауда тізбегіне жоқ жерден кіре алмайды. Бақылау функциясынан басқа, таңбалау жүйесі тұтынушыларға дәрілік заттың жарамдылық мерзімін және сатып алынған дәрілік заттың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген шекті рұқсат етілген бағаға сәйкестігін білуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта эксперимент барысында түскен ұсыныстарға сәйкес тауарларды қадағалау жүйесін жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Еске сала кетейік, 2022 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстанда 90 атау бойынша дәрілік заттарды цифрлық таңбалаудың бірінші кезеңі енгізілген болатын. Сарапшылардың пікірінше, таңбалау және қадағалау дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жағдайын жақсартуы керек, осылайша пандемия кезінде байқалғандай олардың ықтимал тапшылығын болдырмауы тиіс.

## “ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫНДА” Өңір Намысын Қорғайды

Әйгілі балуан Қажымұқан Мұңайтпасұлы: “Таңғалуға бір-ақ сәт жетеді, ал таңғалдыруға адамның ғұмыры да жетпейді”, – деген екен. Күллі әлем мойындаған балуанның сөзімен келіспеу мүмкін емес. Дүниежүзі елдерінің топырағын басып, көрмеген жерді көріп, белдескеннің жауырынын жер иіскеткен балуанның ізін жалғаушылар қазір де баршылық. Әзірге әлемді мойындатпаса да, Қызылжар өңіріндегі жанкүйерлерді таңғалдырған Шал ақын ауданының тумасы Қанат Өмірзақ биыл “Қазақстан барысы” турнирінде облыс намысын қорғайды.

Жасы 29-ға келсе де оны спортсүйер қауым биыл ғана жақсы тани бастады. Бұған дейін де талай ел көлеміндегі додаларда жүлде салған. Бірақ Ішкі істер және Төтенше жағдайлар министрліктері қызметкерлерінің арасындағы сайыстар болғандықтан, жалпақ жұртқа аса жариялана бермейтін. Шал ақын ауданының Бірлік ауылында дүниеге келген Қанат мектеп қабырғасынан күреске әуес болып өскенін айтады. – Кішкентай кезімнен түрлі мерекелерде қазақ күресінен жарыстарға қатысатынмын. Бірде жеңіске жетсем, екіншіде жеңілістің кермек дәмін татқан кездерім де болды. Мен мектеп жасынан бастап тек қазақ күресімен ғана айналыстым. Өзге спорт түрлері мені ешқашан қызықтырған емес, – дейді ол. Басқа спортқа қызықпауының тағы бір себебі – Бірлік ауылындағы мектепте тек қазақ күресінен ғана үйірме болған екен. Бірақ Петропавлға қоныс аударса да, сүйікті спортын тастамаған. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы түрлі сындарға қатысып жүрген екен. Қанат қазір облыстық төтенше жағдайлар департаментінің жедел құтқару жасағында құтқарушы болып қызмет етеді. Таңдаған кәсібіне адал. Спорттық жарыстарға да қатысып тұрады. Күштік құрылым қызметкерлері арасында ұйымдастырылатын додаларда өңір намысын абыроймен қорғап жүр. – Жұмысқа орналасарда спорттан қол үзетін шығармын деп ойлағанмын. Кейін күштік құрылымдар арасында түрлі жарыстар өткізілетінін білдім. Осылайша төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттің атынан сайыстарға қатыса бастадым. Өңірлік деңгейде чемпион атандым. Өкінішке қарай, республикада жолым болмай келді. Биыл ғана “Қызылжар арландары” клубының сапында ел деңгейінде өткен бәсекеде жүлдеге іліктім, – дейді балуан. Қанат үшін биылғы жыл сәтті өтуде. Жерлесіміз алдымен “Динамо” қоғамы ұйымдастырған республикалық турнирде топ жарды. “Сарыарқа батырлары” республикалық жарысында қола жүлдегер атанса, тұңғыш рет “Қызылжар барысы” сайысында күміс медальді қанжығасына байлап, “Қазақстан барысы” республикалық турниріне жолдама ұтып алды. – Жалпы мен “Қызылжар барысы” турниріне 2017 жылдан бастап қатысып келемін. Аудандық деңгейде түрлі жарыстарда жүлделі орындарға ие болдым. Бірнеше мәрте облыстық кезеңге де шықтым. Бірақ жолым болмай жүрді. Биыл айым оңынан туып, ақтық сынға дейін жеттім, – деген Қанаттан Шал ақын ауданының тумасы бола тұра неге жарыстарға Уәлиханов ауданының атынан қатысып жүргенін сұрадым. “Көптен бері Төлеген Жетпісбаевтың қарамағында жаттығып жүрмін. Ол – қазір қазақ күресінен облыс командасының аға жаттықтырушысы. Талай мықты спортшыларды жаттықтырды. Сондай-ақ Уәлиханов ауданында да жұмыс істеді. Бапкерім маған сенім артып, осы ауданның атынан қатысуға ұсыныс жасады. Сөзін жерге тастай алмадым”, – дейді ол. Бір қызығы биылғы “Қызылжар барысы” турнирінің финалында Уәлиханов ауданының атынан қатысқан екі балуан белдесті. Алтынбек Аусағитов екеуі аудандық жарыста да ақтық сынға шыққан болатын. – Алтынбекті бұрыннан танимын. Биыл онымен екі бірдей финалда күрестім. Қос кездесуде де есе жібердім. Соңғы белдесу оңайға түскен жоқ. Тіпті жарақат алып қалдым, соған қарамастан соңына дейін тырысып бақтым. Жеңілгеніме өкінбеймін, себебі облыстық жарыста финалға шыққан екі балуан да “Қазақстан барысына” жолдама алдық, – дейді Қанат. “Қазақстан барысында” алғаш рет қатысқалы отырған Қанат Өмірзақтың ендігі арманы – елорданың төріндегі финалда Алтынбекпен кездесіп, есе қайтару. Бұл тілегі орындала ма, жоқ па, уақыт көрсетер.

Аманжол НҰРТАЗИН, тілші

### КӨҢІЛ АЙТУ

Тайынша аудандық ардагерлер кеңесі  
Тайынша Агробизнес колледжінің директоры  
Ташетов Даулыбай Ешімбайұлына  
анасы Шакарман Қасымқызының  
қайтыс болуына байланысты  
қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

### КӨҢІЛ АЙТУ

Тайынша Агробизнес колледжінің ұжымы  
колледж директоры Ташетов Даулыбай  
Ешімбайұлына анасы Шакарман Қасымқызының  
қайтыс болуына байланысты  
қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

### КӨҢІЛ АЙТУ

Аудандық білім бөлімінің ұжымы және  
Білім Қызметкерлері кәсіподақ ұйымы  
Тайынша Агробизнес колледжінің директоры  
Ташетов Даулыбай Ешімбайұлына  
анасының қайтыс болуына байланысты  
қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

### ◆ Көпшілік Назарына!

## ЖАУАПКЕРШІЛІК ШАРАЛАРЫ

Жануарлар мен жауапты қарым-қатынасты реттеу және бақылау мақсатында 2022 жылғы 2 наурыздан бастап «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» ҚР Заңы енгізілді. Осы Заңның 21-бабының 1-тармағы үй жануарларын қарау және ұстау кезінде келесі талаптарды қоятынын еске салғым келеді:

- 1) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалардың, ветеринариялық және гигиеналық нормативтердің талаптарын сақтауға;
- 2) үй жануарларын есепке алу қағидаларына сәйкес үйжануарларын есепке алуды жүргізуге;
- 3) басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзбай, үй жануарларына жауапкершілікпен қарауды жүзеге асыруға;
- 4) адамның және (немесе) жануардың өмірі мен саулығына, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне үйжануарының зиян келтіруін болғызбау үшін қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдауға;
- 5) үй жануарына Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңнамасына сәйкес ветеринариялық көмектің уақтылы көрсетілуін және профилактикалық ветеринариялық іс-шаралардың, оның ішінде вакциналаудың уақтылы жүргізілуін қамтамасыз етуге;
- 6) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына үй жануарларының аса қауіпті және жұқпалы ауруларына ұшырау күдігі туралы, сондай-ақ үй жануарының аса қауіпті және жұқпалы аурулардың салдарынан өлгені туралы дереу хабарлауға;
- 7) стерилизациялау арқылы үй жануарларының қалаусыз ұрпағын болғызбау бойынша шаралар қабылдауға;
- денсаулық сақтау ұйымына және жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына жануарының жеке тұлғаларға немесе жануарларға дене жарақаттарын салған жағдайлары туралы дереу хабарлауға және аса қауіпті және жұқпалы аурулардың ықтимал болуын анықтау мақсатында қарап-тексеру және қажетті клиникалық және (немесе) зертханалық-диагностикалық зерттеулер не ветеринариялық байқаулар жүргізу үшін өзінің жануарын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымға, ветеринария саласында емдеу-профилактикалық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеткізуге;
- 9) үй жануарларының тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, оның ішінде кондоминиум объектілерін, қоғамдық орындарды ластауына, сондай-ақ үйжануарларының қоршаған ортаға зиян келтіруіне жол бермеуге;
- 10) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында көзделген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

Тайынша ауданы орталығындағы  
«Ветеринарлық станциясы»

Меншік иесі: «Тайынша таңы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,  
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу  
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,  
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»  
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,  
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 183. Таралымы: 1300.

### МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,  
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.  
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері  
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба  
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап  
жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен  
материалдардың мазмұны мен мәтініне  
хабарлама беруші автор өзі жауапты.